«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі Мәдениет
комитетінің төрағасы м.а.

_____ **А.Белкайров**

«БЕКІТІЛДІ»
«Жамбыл атындағы Қазақ
мемлекеттік академиялық
филармониясы» РМҚК-нің
директоры

_____ **А. Абдуалиев**

Нұрғиса Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер конкурсын өткізу қағидалары

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Қазақстан және КСРО – ның халық әртісі, Халық қаһарманы, композитор, дирижер Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер конкурсын өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9) және 12) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бұйрығымен бекітілген Республикалық байқаулар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидаларының 6-тармағына сәйкес әзірленді және Нұрғиса Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.
2. Конкурсты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің қолдауымен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) өткізеді.

2-бөлім. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

3. Конкурстың мақсаты мен міндеттері:
1) Қазақстанның дирижерлік мектептің дәстүрлерін сақтай отырып, насихаттау, кәсіби мамандарымен әріптестік қарым-қатынас орнату, дирижерлік шеберлікті арттыру;
2) Жаңа есімдерді анықтау және таныту, талантты жастардың кәсіби өсуіне жағдай жасау;
3) Дарынды дирижерлерді анықтау және ынталандыру, таланттардың шеберлік алмасуы, Қазақстанның мәдени имиджін арттыру.

3-бөлім. Конкурсты өткізу тәртібі

4. Конкурс 2025 жылдың 08-10 қазан аралығында Алматы қаласында өткізіледі.

5. Конкурсқа Қазақстан Республикасының музыкалық өнер саласындағы 18 бен 35 – жас аралығындағы талантты жастар мен жоғары оқу орындарының студенттері қатыса алады.

6. Конкурс 2 кезең тұрады:

1) Дирижерлеу (I – II тур, 09– 10.10.2025 ж. Үлкен зал)

2) 10.10.2025 ж. сағ 19:00 Гала - концерт

1) I кезең – 2025 жылдың 15 тамыз – 15 қыркүйек аралығында – осы Қағидалардағы 1-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді электрондық нұсқада мынадай құжаттар мен материалдарды (бұдан әрі – өтінім) қоса бере отырып қабылдау:

жеке басын куәландыратын құжаттың PDF көшірмелері; шығармашылық өмірбаяны;

13х18 сантиметр көлеміндегі Конкурсқа қатысушының түрлі - түсті фотосуреті (JPEG форматында);

Қазақстан Республикасының немесе шетелдік екінші деңгейдегі банкінде дербес шоттың болуы туралы анықтамалар;

білім туралы дипломның көшірмелері;

оқу орнынан анықтамалар (студенттер үшін);

байқауға қатысушының өнер көрсететін бейнеролигі.

2- 4 қосымшаларына сәйкес 1 - турда таңдауға болатын 2 туындының (ірі және кіші нысанда) өтінімі мен орындалатын шығармалар бағдарламасы, 2-турда таңдауға болатын 2 туындының (ірі және кіші нысанда) орындалатын шығармалар бағдарламасы электрондық поштаға жіберіледі: **kazakh.philharmonic@mail.ru**, анықтама телефоны: +7 727 291 71 49, +7 707 932 16 98;

2) II кезең – 2025 жылдың 15 қыркүйекке дейін - осы Қағидалардың 5-тармағына және 6-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес ұсынылған өтінімдерді қарау және қабылдау. Конкурсқа қатысушылар осы Қағидалардың 5-тармағына және 6-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес келмеген жағдайда ұсынылған өтінімдері қарауға жатпайды;

III кезең – 1 тур. 2025 жылдың 09 қазан күні өткізіледі;

IV кезең – 2 тур. 2025 жылдың 10 қазанда өткізіледі;

V кезең – 2025 жылдың 10 қазанда - Конкурс қорытындысын шығару және Конкурс жеңімпаздарын марапаттау және Гала-концерті өткізіледі.

7. Конкурсқа қатысудан бас тартқанан жағдайда осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттар қатысушыларға қайтарылмайды.

8. Конкурстың II кезеңінен өткен қатысушылар Алматы қаласына Қағидалардың 6-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген мерзімдерде Конкурсқа келеді және қатысады.

Конкурсқа қатысушыларға жатын орын және Алматы қаласы бойынша шығыстар ұйымдастырушы тараптан өтеледі.

Конкурсқа қатысушылардың жол және көлік шығындары өз немесе жіберуші жақтың есебінен төленеді.

9. 1 және 2 турда өнер көрсету тәртібі конкурсқа қатысушылар арасында жеребе салу арқылы белгіленеді және конкурстың соңына дейін сақталады.

10. Конкурсқа қатысушылар Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық оркестрінің сүйемелдеуімен музыкалық шығармаларды даярлайды және I - II турда орындайды.

11. Гала-концертке Конкурс бағдарламасына сәйкес қаламақы өтеусіз негізінде қазылар алқасының шешімімен әр номинация бойынша бас жүлде иегерлері және I, II, III орындардың лауреаттары қатыса алады.

12. Ұйымдастыру комитеті қатысушылардың және номинация бойынша Гран-при иегерлері, I, II, III орындардың лауреаттары мен «Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын үздік орындағаны үшін» дипломдары иегерлерінің өнер көрсеткен фото және бейнематериалдарын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығын өзіне қалдырады.

13. Конкурстың Гран-при және I, II, III орындардың лауреаттарын, «Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын үздік орындағаны үшін», дипломдармен марапаттау рәсімі Алматы қаласында өтеді. Іс-шара республикалық телеарналардан, сондай-ақ Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының YouTube каналында көрсетіледі.

4-бөлім. Ұйымдастыру комитеті

14. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін осы Қағидалардағы 3 – қосымшаға сәйкес құрамда Конкурс өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

15. Ұйымдастыру комитеті Конкурсты дайындау мен өткізуге басшылықты жүзеге асырады.

16. Конкурсты жарнамалау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз хабарламаларын ұсынады және осы қағидаларды Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының jambyl philharmonic.kz интернет - ресурсында орналастырады.

17. Ұйымдастыру комитеті іс - шараны ақпараттық – жарнамалық қолдау түрлерін айқындайды.

18. Ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері: тел.: 8 727 291 71 49, +7 707 932 16 98, электрондық пошта kazakh.philharmonic@mail.ru

5-бөлім. Конкурстың Қазылар алқасы

19. Конкурсқа қатысушылардың өнерін бағалау, сондай-ақ қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды айқындау туралы шешімдер қабылдау үшін осы Қағидалардағы 4 - қосымшаға сәйкес құрамда Конкурстың қазылар алқасы (бұдан әрі-қазылар алқасы) құрылады.

Конкурс қазылар алқасының құрамына жетекші мәдениет және өнер қайраткерлері, дирижерлік өнер саласындағы халықаралық байқаулардың лауреаттары кіреді.

20. Қазылар алқасының құрамы, оның ішінде төраға тақ санда болуы керек.

21. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды, хаттамамен ресімделеді және қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

22. Дауыстар тең болған жағдайда қазылар алқасы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

23. Конкурстың қазылар алқасы құқылы:

1) конкурсқа қатысушының шығарманы орындау кезінде тоқтатуға;

2) ұйымдастыру комитеті айқындаған ақшалай сыйлықтарды бермеуге немесе (Гран-придан басқа) үміткерлер арасында бөлуге.

24. Қазылар алқасының мүшелеріне Конкурс өткізу шеңберінде көзделген қаражат шегінде гонорар, сондай-ақ Алматы қаласына және кері жол жүру, тамақтану, жатын орын және Алматы қаласы бойынша көлікпен жол жүру шығындары төленеді.

25. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын қазылар алқасының мүшелеріне және мемлекеттік ұйымдарда немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функцияларын орындайтын адамдарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес гонорар төленбейді

6-бөлім. Конкурсты қаржыландыру

26. Конкурсты өткізуді қаржыландыру «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражат шеңберінде 106 «Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, Қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу және дәріптеу және мұрағат ісін іске асырудың тиімділігін арттыру» 033 театр-концерт ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

27. Байқау номинациялары бойынша мынадай ақшалай сыйлықтар белгіленеді:

1) Гран-при - 1 893 940 теңге (жеке табыс салығын ескере отырып);

2) I орын – 1 262 626 теңге (жеке табыс салығын ескере отырып);

3) II орын– 757 576 теңге (жеке табыс салығын ескере отырып);

4) III орын – 505 050 теңге (жеке табыс салығын ескере отырып).

5) «Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын үздік орындағаны үшін» дипломы – 252 526 теңге (жеке салықты ескере отырып);

6) Диплом – 252 526 теңге (жеке салықты ескере отырып).

7-бөлім. Қорытынды ереже

28. Осы Қағидаларда көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

Нұрғиса Тілендиев
атындағы Республикалық
дирижерлер конкурсын
өткізу қағидаларына
1-қосымша нысан

Нұрғиса Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер конкурсына қатысуға өтінім

Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Туған күні	
Қатысушы туралы қосымша ақпарат (жұмыс, оқу орны және т.б.)	
Қандай оқу орнын бітірген және қашан, аттестат (бар болса)	
Педагогтің тегі, аты	
Нұрғиса Тілендиев атындағы Халықаралық конкурсын өткізу қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес 2 туындының (ірі және кіші нысандағы) орындау бағдарламасы	1 тур
	2 тур
Байланыс деректері: тұрғылықты мекенжайы, телефоны, электрондық почтасы	

Нұрғиса Тілендиев
атындағы Республикалық
дирижерлер конкурсын
өткізу қағидаларына
2-қосымша

I тур

Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы -этнографиялық оркестрімен жұмыс

1) Қазақстандық композиторлардың күрделі шығармалары (билет бойынша белгіленеді):

1. С. Мұхамеджанов «Шаттық Отаны»
2. К. Күмісбеков «Дала сыры»
3. М. Қойшыбаев «Қазақстан»
4. Б. Жұманиязов «Серпін»
5. Е.Брусиловский «Думанда»

2) Вокалдық шығармалар оркестрдің сүйемелдеуімен: (қатысушының таңдауы бойынша бір вокалдық шығарма)

1). Абай «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»
2). Абай «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»
3). К. Шангытбаев «Дубосеково зиратында»
4). Н. Шакенов «Ақ шағала»
5). Н. Шакенов «Жан сәулем»
6). М. Макатаев «Кел, еркем Алатауыңа»
7). Т. Молдагалиев «Қарлығаштар»

3) Төкпе немесе шертпе күй: (қатысушының таңдауы бойынша бір күй)

1) Құрманғазы «Қайран шешем» (Н.Тілендиевтің нұсқасы)
2) Құрманғазы «Айда бұлбұл Айжан-ай» (Н.Тілендиевтің нұсқасы)
3) Құрманғазы «Қызыл қайың серпер» (Н.Тілендиевтің нұсқасы)
4) Тәттімбет «Бес төре» (Н.Тілендиевтің нұсқасы)
5) Тәттімбет «Азамат қожа»
6) Ықылас «Жез киік»
7) Әшімтай «Қоңыр қаз»
8) Қазанғап «Көкіл»
9) Сүгір «Бес жорға» (Н.Тілендиевтің нұсқасы)
10) Сүгір «Бозінген» (Н.Тілендиевтің нұсқасы)
11) Дина «Науысқы»

II тур

Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы -этнографиялық оркестрімен жұмыс

1. Н. Тілендиевтің шығармаларынан (билет бойынша белгіленеді):

1). «Алтын дән»
2). «Махамбет»
3). «Атадан мұра»
4). «Бауырлаштарым»
5). «Жеңіс салтанаты»
6). «Халық қуанышы»

2. Аспаптық шығармалар оркестрдің сүйемелдеуімен: (қатысушының таңдауы бойынша Н. Тілендиевтің бір аспаптық шығармасы):

1) «Көңілді бикеш»
2) «Ақсақ құлан»
3) «Абай табиғаты»
4) «Сарын»
5) «Балапандарым»
6) «Парыз»

Нұрғиса Тілендиев
атындағы Республикалық
дирижерлер конкурсын
өткізу қағидаларына
3-қосымша

Нұрғиса Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер конкурсын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Төрағасы:
Нұрғиса Тілендиев атындағы Республикалық дирижерлер конкурсын өткізу жөніндегі Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы директоры.

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары,
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің музыка өнері басқармасының басшысы;
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті музыка өнері басқармасының бас сарапшысы;
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы директорының Маркетинг және менеджмент жөніндегі орынбасары
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы директорының көрермендерді ұйымдастыру жөніндегі орынбасары
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының көркемдік жетекшісі
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы бас есепшісінің орынбасары
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының заңгері
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының арнайы жобаларын ұйымдастыру бөлімінің басшысы
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының концерттік-гастрольдік бөлімінің басшысы
